

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындарда пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілерді, кеңселік жайларды кейін меншікке беру құқығымен жалға немесе сеніп басқаруға беру жөнінде (сондай-ақ шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарына құрылысы аяқталмаған мемлекеттік объектілерді беру жөнінде) тендерлер өткізудің реті туралы ереже

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті 1997 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу N 290. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2000 жылғы 7 қаңтардағы № 6 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінің хатына сәйкес 11.02.2000г. N 4-01-10-1/33Г.)

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды күшейту және жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 U973398_ Жарлығына сәйкес әзірленген және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындардағы пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілерді, кеңселік жайларды кейін меншікке беру құқымен жалға немесе сеніп басқаруға берудің жөнін реттейді.

2. Өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындарда пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілерді, кеңселік жайларды кейін меншікке беру құқымен жалға немесе сеніп басқаруға беру ашық тендер өткізу арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті тендер өткізу туралы шешім қабылдайды.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындарда пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілерді, кеңселік жайларды жалға немесе сеніп басқаруға бергенде, олардың өндірістік мақсаттарға пайдаланылуы тендердің негізгі шарттары болуы керек.

4. Осы ережеде айтылғандарынан басқа, тендер ұйымдастырып, өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 23 мамырдағы N 381

қаулысымен бекітілген, мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін сеніп басқаруға берудің реті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тендер, әдетте, объектінің тұрған жері бойынша өткізіледі. Бұл ретте, тендер комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Экономика және сауда министрлігінің, сондай-ақ басқа министрліктері мен ведомстволары аумақтық бөлемшелерінің өкілдері кіреді. Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаментінің аумақтық бөлімшелерінің өкілі тендер комиссиясының төрағасы болады.

6. Кейін меншікке беру құқымен үй-жайларды немесе объектілерді жалға беру жөнінде тендерлер өткізу кезінде ақпарат хабарында бір жылда 1 шаршы метрге қойылатын бастапқы жалдау ақысы қосымша көрсетілуге тиісті.

7. Жабдықталған, пайдаланылмай тұрған өндірістік жайлар мен объектілер, кеңселік жайлар, әдеттегідей, сеніп басқаруға беру жөніндегі тендерге қойылады.

8. Мыналарды мезгілінде тапсырған шағын кәсіпкерлік субъектілері тендерге қатысуға жіберіледі:

- тендерге қатысуға берген өтінімі;
- өндірістік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы тиісті құжаттары;
- жеке конвертке салынған, жазбаша түрдегі тендерлік ұсыныстары.

9. Объект бір ғана қатысушыға жалға немесе сеніп басқаруға берілетін үшінші және соңғы тендерлерден басқа, тек бір адам қатысқан тендер - өткен болып саналмайды.

10. Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті және оның жергілікті жерлердегі бөлімшелері тендер аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде Тендердің жеңіскерімен жалдау шартын немесе сеніп басқаруға шарттама жасайды.

Мемлекеттік кәсіпорындарда пайдаланылмай тұрған өндірістік жайларды және объектілерді, кеңсе жайларын жалғау шарты немесе сеніп басқаруға берудегі шарттамалар бір жылға жасалады және осындай шарттамалар жасалған күннен басты ай өтісімен өндірістік қызмет жүзеге асырылмаса, ол бұзуға жатады.

Қайтарылған мүлік тендерге қайта қойылады.

11. Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті мен оның жергілікті бөлімшелері жалдау шартын немесе сеніп басқаруға берудегі шарттамалардың орындалуын бақылап отырады.

12. Тендердің жеңіскері жалдау шартын немесе сеніп басқаруға беру шарттамаларын тиісті түрде орындаған жағдайда, объект оның меншігіне

беріледі. Жекешелендіру жөніндегі департамент меншік құқын алуды ресімдеп, заңдастырады.

13. Сондай-ақ осы ереженің күші өндірістік қызметті ұйымдастыру үшін пайдалану жағдайларымен оларды шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарына беру бөлігінде құрылысы аяқталмаған мемлекеттік объектілерге қолданылады. Тендер комиссиясы тендердің шарттарын, кепілдік жарнаның (қарыздың) мөлшерін және оны енгізудің ретін айқындап, бекітеді, ақпарат хабарын жариялау туралы шешім қыбылдайды, тендер өткізеді және тендердің жеңіскерін айқындайды.

Тендерге қатысу өтініміне шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының инвестицияның көлемі мен кезеңдері жөніндегі ұсыныстары, құрылысы аяқталмаған объектіні пайдалануға беру мерзімі тіркеледі.

Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті күшінде болу мерзімі әрбір нақты жағдайда объектінің ерекшелігін ескерумен жеке түрде айқындалатын сол объектіні беру туралы тендер жеңіскерімен шарт жасасады. Нұсқалардың бірі ретінде үш жақты шарт әдісі қолданылуы мүмкін. Ол құрылысы аяқталмаған мемлекеттік объектінің ғимаратын қарамағында ұстаушы, құрылысты аяқтамақшы шағын кәсіпкерлік кәсіпорын, Мемлекеттік мүлікті және активтерді басқару департаменті арасында жасалады. Бұл ретте, кәсіпкердің салған қарызын ұстаушы Департамент болады.

Жеңіскер объектіде өндірістік қызметті ұйымдастыру жөніндегі міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайларда, шарт бұзуға жатады. Бұл ретте, Жеңіскер енгізген кепілдік жарнаның (қарыздың) мөлшері оған қайтарылмайды.